

Дабыл чемоданы және іс-қимыл жоспары

1. Төтенше жағдай орын алған кезде алдымен не істеу керек?

Отбасылық құжаттар мен артық ақшаларыңызды белгілі бір оңай жерде сақтағаныңыз дұрыс. Қажет кезде тезірек алып шығуға оңай болуы керек.

2. Дабыл чемоданын дайындап қойыңыз:

- Алғашқы медициналық көмек беруге қажетті аптечка.
- Консервіленген және құрғатылған тағамдар, пластикалық бөтелкедегі ішетін су.
- Қарапайым ұялы телефон және зарядталған пауэрбанк, транзисторлы қабылдаушы және электрлі фонарик.
- Артық батарейкалар.
- Герметикалық қорапқа салынған сіріңке, оттағыш, от тұтатуға арналған қағаз.
- Құрал-жабдық пен ыдыс-аяқ – жиналмалы пышақ, қасық, айыр, бір рет қолдануға арналған тарелкалар мен кружкалар, консерві ашқыш, жолаушыға арналған жеңіл балта.
- Медициналық жағдайға байланысты отбасы мүшелері үнемі қолданатын дәрі-дәрмек (егер де нұсқаулық бойынша оларды тоңазытқышта ұстау қажет болмаса).

Өзіңізге және отбасы мүшелеріне төтенше жағдай кезінде қажет болатын ыңғайлы киім-кешек, аяқ киім дайындап қойыңыз – жазға арналған су өтпейтін жеңіл киім және қысқа арналған жылы киім үнемі дайын тұруы керек.

Осындай артық киім-кешек салынған сөмке үнемі машинаңыздың жүк салғышында жүргені де абзал. Әрі оған далада құруға болатын палатка мен ұйқыға арналған қапты да салуға болады.

3. Сіз білуіңіз керек:

- Арнайы қызмет орындарынан хабарламаларды қалай алу керек.
- Қауіпті жағдайда қайда барып тығыласыз.
- Тұрғылықты жерде қалуға болмайтын жағдайда қайда және қалай барасыз.
- Орын алған қиындықтар алғашқы барам деген жеріңізге жетуге кедергі тудырса, тағы да қайда баруға болатынын ойластыру керек.
- Ол жаққа қалай жетесіз. Тура кететін кезде көлігіңіз сынып қалса не істейсіз.
- Егер де үйде немесе басқа бір жерде түнеу керек болса, сізге қандай заттар қажет болады.
- Эвакуация кезінде өзіңізбен бірге қандай заттарды аласыз.
- Егер де қандай да бір кедергілер орын алса, туыстарыңызбен қай жерде кездесесіздер.

4. Артық ешнәрсе алмаңыз.

Ең бастысы – өзіңмен бірге көбірек азық-түлік, су және дәрі-дәрмек алу керек.

5. Эвакуация кезінде үйде қалатын құнды заттарды сақтайтын орынды алдын ала дайындап қойыңыз.

6. Дабыл сигналдарын қабылдау үшін, жұмыс істейтін радиоқабылдағышты алдын ала дайындап қойыңыз.

Алғашқы дабыл сигналын қабылдағаннан бастап, осы айтылғандардың бәрін орындаңыз. Дабыл сигналы – үш минуттан бес минутқа дейін үздіксіз берілетін сигнал даусы. Ол дегеніміз: барлық халық үйдегі радио мен телевизорды іске қосып, жан-жақта не болып жатқанынан хабардар болу үшін, оны жергілікті толқынмен байланыстыру керек. Егер де БАҚ құралдары төтенше жағдайлар кезіндегі ережелерді түсіндіріп жатса, онда сол ережелерді мұқият орындаңыз.

7. Дабыл туралы ақпарат алғаннан кейін, мына ережелерді сақтаңыз.

Төтенше жағдайға қатысы бар қызмет орындарына хабарласып, жарақат алған адамдар туралы немесе төніп тұрған басқа да қауіп-қатер туралы хабарлаңыз. Үйге кірмеңіз. Ол ғимаратқа зақым келіп, құлап қалуы мүмкін ғой. Немесе газ және басқа да құбырлар жарылып кетуі мүмкін, сондықтан да сіріңке, оттағыш заттарды қолданбаңыз, темекі тұтатпаңыз. Жарылыс болу қаупі бар. Үзілген сымдардан (тіпті телеграф сымдарынан да) қашық болуға тырысыңыз. Кез келген сым қауіп-қатер әкелуі мүмкін. Өзіңізге қатер тудырмайтын тағамдарды ғана жеңіз.